

«№5«Аққу» бөбекжай- бақшасы» КМҚК

**Білім беру саласы: «Таным»**  
**Ұйымдастырылған оқу қызметі: Сенсорика**  
**Тақырыбы: «Дөңгелек күн»**

Өткізген:Орынбай.А.Е.  
Кіші №3 «Қарлығаш» тобы тәрбиешісі

Атырау-2022ж.

**Тақырыбы:** «Дөңгелек күн»

**Мақсаты:** Әр түрлі заттарды түсі және пішіні бойынша сәйкестендіре алу дағдыларын бекіту. Балаларға жұмбақ жасыру арқылы ойлау қабілетін дамыту. Ойын арқылы пішіндерді бекіту. Дидактикалық ойын арқылы түсіне қарай топтастыруға үйретуді жалғастыру.

**Қажетті көрнекі құралдар:** Фетрадан жасалған пішіндер, пішінге ұқсас заттар, түрлі түсті ұсақ шарлар, қорапша, үлестірмелі құралдар.

**Әдіс - тәсілдер:** Сұрақ - жауап, көрсету, түсіндіру, ойын ойнату.

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің жүру барысы:**

**Шатық шеңбер:**

Күнім күліп арайлы,  
Тереземнен қарайды.  
Достарыммен шеңберге,  
Тұрғанымды қалайды.

**Жұмбақ жасыру.**

Таңмен көзін ашады  
Әлемге нұрын шашады.  
Үлкен алтын табақтан  
Әлемге нұрын таратқан.

**(Күн)**

Тәрбиеші: Балалар, қараңдаршы ауа-райы тамаша болып тұр екен.

Балалар терезеге қарайықшы, аспаннан нені көріп тұрсындар?

Бала жауабы: Күнді көріп тұрмыз.

Тәрбиеші: Күннің түсі қандай?

Бала жауабы: Сары

Тәрбиеші: Күннің көзі жарқырап шыққан кезде табиғат, гүлдер, шөптер құстар, жануарлар, адамдар құлпырып ұйқыдан оянады және өздерін қуанышты сезінеді.

Тәрбиеші: Балалар, аспанда күн болмаса, дала қандай болады?

Бала жауабы: Қараңқы болады.

Тәрбиеші: Күн бізге, жерге жылуын шашып тұрады.

**Жұмбақ жасыру.**

Көлеңкесінен қорқып безектейді,  
Ал оның баласын көжек дейді.

**(Қоян)**

Тәрбиеші: - Дұрыс айтасындар, балалар, бұл қоян.

Осы кезде есік қағылады.

Топқа қоян келеді.

Тәрбиеші: - Балалар, бізге кім келгенін қараңдаршы? Қоянмен амандасып алайықшы. Сәлеметсіз бе қоян?

Қоян: - Сәлеметсіңдер ме, балалар мен келе жатып жолдан кишкентай қорапша тауып алдым. Қорапты ашсам ішіндегі заттарды не екенін білмедім.

Тәрбиеші: Олай болса қорапта не бар екенін бірге көрейік. Қораптың ішінен пішіндер шығады.

**Балалар пішіндерді атайды.**

**Қоян:** -Балалар, менің киімдерім ағаштың бұтағына ілініп қалып жыртылып қалды. Енді, не істесем екен?

**Тәрбиеші:** Балалар қоянның киімін жамауға көмектесеміз бе?

**Дидактикалық ойын:** «Киімдерді жамау»

**Қоян:** -Балалар, сендерге көп рахмет!

**Сергіту сәті.**

Қоян кәне, билеші,

Секіріп былай билеші.

Айналып бір қарашы,

Неше айналдың санашы.

Секіріп әне, жатыр,

Өзі мықты, батыр.

**Дидактикалық ойын:** « Пішіндерге қандай заттар ұқсайды?»

**Дидактикалық ойын:** «Түсіне қарай орналастыр»

**Тәрбиеші:**Балалар, біз қоянның достарына түрлі-түсті шар сыйлайық. Ол үшін мына шарларды түсіне сәйкес орналастырамыз.

**Қоян:** Балалар, сендерге көп рахмет, менің достарым қуанып қалатын болды.

**Қоян:** Балалар, мен кететін уақытым болды.

**Тәрбиеші:** Балалар, енді қоян орманға қайтқысы келіп тұр. Біз қоянды құр жібермейік. Оның достарына сыйлық беріп жіберейік. Қоянмен қоштасайық. Сау болыңыз қоян. (Қоян балалармен қоштасып сыйлығын алып шығып кетеді)

**Қорытынды.**

**Тәрбиеші:**Балалар, бүгін бізге не қонаққа келді?

Қоян бізге не әкелді?

Қоянның достарына не сыйладық?

Оқу қызметіне қатысқан балаларды мадақтау.